


Бекітемін

«Ақбота бөбекжай-бақшасы» МКҚК

менгерушісі: *А.К.Кыркымбаева*



«Ана өмірдің шуағы!»

(Ертеңгілік)

Мектепалды даярлық «Қызғалдақ» тобы

Орындаған: Садуақасова.А

Жуантөбе ауылы 2022-2023 оқу жылы.

«Ана өмірдің шуағы!» ертеңгілігі

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме құрметті әжселер, аяулы аналар!

Баршаңызды көктемнің алғашқы мерекесі **8-Наурыз**

Халықаралық әйелдер мерекесімен шын жүректен
құттықтаймыз!

Аспанымыз ашық, жүздеріңіз жарқын болсын!

Отбасыларыңызға амандық тілейміз!

Ортаңғы «**Балапан**» тобының дайындаған «**Ана өмірдің шуағы!**»- атты
ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Ортаға қол соғып қошеметтеп,
Ортаңғы «**Балапан**»

тобының бүлдіршіндерін шақырайық!

Жүргізуші: Балалар бүгін сәнді киініп әдемі болып кетіпсіңдер, қандай
мерекені тойлағалы жатырмыз?

Балалар: Аналар мерекесі!

Жүргізуші: Балалар, айтыңдаршы

Бізді жақсы көретін,

Бар мейірімін төгетін

Баласы үшін әрдайым,

Мейірімін төгетін

Ол кім?

Балалар: Ана!

Жүргізуші: Дұрыс айтасыңдар балалар, жарайсыңдар!

Ендеше аналарымызға арнап ән айтайық.

Хор: «Анашым!»

Жүргізуші: Балалар мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп
тұр, жауабын тауып

бересіңдер ме?

Балалар: Иә

Жүргізуші: Олай болса, балалар мұқият тыңдап отырыңдар

Жұмбақ

Ақ қар еріп, су көбейіп

Сай салаға толады

Ағаш басы бүршік атып,

Гүл, бәйшешек басады

Бөбектерім айтыңдаршы, бұл қай кезде болады?

Балалар: Көктем мезгілінде

Жүргізуші: Балалар тыңдаңдаршы, бір дауыс естілетін сияқты

(Әуенмен Көктем келеді)

Көктем ханшайымы: Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Мен Көктем ханшайымымын!

Балалар сендерде қандай мереке болып жатыр?

Балалар: Аналар мерекесі!

Жүргізуші: Бүгін әжселеріміздің, аналарымыздың мерекесі!

Біздің балалар әжселеріне, аналарына ән кешін сыйламақ!

Көктем ханшайымы: Сәлеметсіздер ме, ақ жасулықты әжселер, аналар!

Мен көңілді көктеммін,

Быттыр келіп кеткенмін

Көзін ашып бұлақтың,

Түбіне тал еккенмін

Гүл боп қырда егілемін,

Дән боп жерге себілемін

Жаңбыр болып жауам да,

Нұр боп көктен төгілем,
Шуағын төгіп әлемге.
Жылуын күннің әкелем,
Табиғаттың төсіне,тіршілігін сыйлаймын!

Жүргізуші: Амансың ба,Ару Көктем! Ұлан байтақ әсерімізге қош келдіңіз!

Шуағың мен нұрыңды мол төге бер!
Біздің бүлдіршіндеріміздің өнерлерін тамашалаңыз, тәрлетіңіз!

Жүргізуші: Бүгін Наурыздың сегізі,

Сұлулықтың негізі
Әдемі сөз адамның,

Анаға айтар лебізі! – дей отырып,бүлдіршіндеріміздің
әжселеріне,аналарына арнап жаттаған тақпақтарына кезек берейік!

Ортаға кішкентай бүлдіршіндеріміз: Мұқағали, Нұрқанат, Нұрай, Дарын,
Аяжан, Аяла,Жәния, Айсұлуды шақырамыз!

1.Мұқағали: Жанымызды жайнатқан,

Сіздер ғой ол, аналар
Зор денсаулық, мол бақат
Тілейміз біз, балалар!

2.Нұрқанат: Анаң болса қасыңда,

Басқа бақыт не керек?
Аналардың жүрегі,
Мейірімді ғой керемет!

3.Нұрай: Немересін жанындай,

Әжсем жақсы көреді
Қонаққа барса ұмытпай,
Кәмпит әкеп береді

4.Дарын: Ақ әжемді әрқашан,

Сыйлап жақсы көремін

Қуантайын деп оны,

Өлең айтып беремін

5.Аяжан: Аналарды сүйеміз,

Сөзін ойға түйеміз

Әжені де,ардақтап

Әдептен бас иеміз!

6.Аяла: Бүгін Наурыздың сегізі,

Сұлулықтың негізі

Әдемі сөз баланың,

Анаға айтар лебізі.

7.Жәния: Ана біздің күніміз,

Ана біздің гүліміз.

Ана бізді қуантып,

Ұзақ өмір сүріңіз!

8.Айсұлу: Ана – пана,

Ана- дана

Өмірге әкелетін,

Ана – гана!

Жүргізуші: Аяулы да алтын нұрлы анашым,

Жүрегіммен мәңгі бірге боласың

Сен асқарсың,сен аспансың, биіксің

Сен дархансың, сен жомартсың,данасың – дей отырып,ортаға
биші қыздарымызды шақырайық!

Би: «Анашым-ай!»

Орындайтындар: Айсұлу, Раяна, Аяла,Аяжан

Жүргізуші: Балалар, ойын ойнағыларың келе ме?

Балалар: Иә, ойнаймыз

Қ/О: «Қыздарға гүл сыйлау»

Шарты: Үстел үстіне гүл қойылады. Ортаға 2-ұл, 2-қызды шығарамыз,

әуен қойылады, вальс билейді. Әуен тоқтаған кезде, ұлдар

жүгіріп барып, гүлді қызына сыйлау керек.

(ойын 2-3 рет қайталанады)

Жүргізуші: Бүлдіршіндеріміздің сергіту сәтіне кезек береміз!

Баланың да тірегі,

Дананың да тілегі

Ауырмасын ешқашан,

Аналардың жүрегі!

Жүргізуші: Сіздер-күнсіз, аспанда жарқыраған,

Сіздер-өзен, тау суы сарқыраған

Сіздер-ана, сіздер-жар, сіздер-қыздар,

Сіздер-жаңбыр, ақ нөсер сарқыраған -дей келе,

Ортаңғы «Балапан» тобы жгіттерінің сіздерге арнаған биін
тамашалаңыздар!

Жгіттер биі: «Ана»

Орындайтындар: Нұрқанат, Дарын, Мұқағали, Мейіржан, Айбатыр, Әлинұр

Жүргізуші: Балалар, осы дүниеде не тәтті?

Балалар: Ананың сүті тәтті!

Жүргізуші: Иә, өте дұрыс! Ал, дүниеде не жұмсақ деп ойлайсыңдар?

Балалар: Ананың алақаны!

Жүргізуші: Ендеше сол алақаны жұмсақ аналарымызға арнап ән
айтайықшы!

Хор: «Менің анам алтын!»

Жүргізуші: Ендігі кезекті **Орыс тіліндегі** сергіту сәтіне береміз!

Жүргізуші: Ананың -біз гүліміз,

Ана – біздің күніміз!

Тек сіздерге арналады,

Міне, біздің биіміз!

Би: «Гүлдер»

Орындайтындар: Аяжан,Айсұлу,Раяна,Аяла

Көктем ханшайымы: Балалар менің қайтатын уақытым келіп қалды.

Сендердің өнерлеріңді көріп,көңілім сергіп қалды,басқа да көптеген
бақшаларға баруым керек.Бірақ мен енді әркез сендермен бірге боламын.

Сау,болыңдар балалар!

Балалар: Сау болыңыз,Көктем ханшайымы!

Жүргізуші: Күндеріңіз толсын гүлге,желекке

Отбасында болсын ырыс-береке

Құттықтаймыз шын жүректен сіздерді,

Өмір-думан, бақ әкелсін мереке -дей отырып, бүгінгі мерекеге арнаған
ертеңгілігіміз аяқталды,келіп тамашалағандарыңызға көп-көп рахмет!

Келесі кездескенше қош сау,болыңыздар!